



## Пресс-релиз

### Әлеуметтік маңызды кино

Өтетін уақыты: 28 қыркүйек, сағат 15.00 - 17.00.

«Еуразия» Халықаралық кинофестивалінің EURASIA SPOTLIGHT іскерлік алаңының шаралары аясында «Бүгінгі таңда Қазақстандағы әлеуметтік маңызды кино» тақырыбында дөңгелек үстел өтеді.

Өтетін орны: Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 77/8, Esentai Mall павильоны. Дөңгелек үстелге қатысушылар: режиссерлар Азиз Заиров және Жанна Балақаева; «ДОМ» қорының басшысы, қоғам қайраткері Аружан Саин; «Аутизмді жеңеміз» жобасының өкілі Анастасия Матвиевская; кинодистрибьютор Бауыржан Шүкенов; журналист және режиссер Райхан Рахым; жүргізуші - кинопродюсер, Eurasia Spotlight іскерлік алаңының директоры Анна Качко.

Соңғы жылдары Қазақстанда халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған ортасының өкілдері, мысалы, мүмкіндігі шектеулі немесе ментальды қабілеттері шектеулі адамдардың қатысуымен түсірілген кино пайда бола бастады. Белсенді режиссерлардың көпшілігі көмек қажет ететін адамдар туралы фильмдер түсіріп, қамаудағы адамдар, жетім балалар құқықтары туралы деректі зерттеулер жүргізіп, аутизм тақырыбында ғылыми кинозерттеулер жасап келеді.

- Әлеуметтік маңызды киноның қоғамдағы ролі бұл проблема туралы автордың немесе кейіпкердің пікірін білдіру ғана емес, сонымен қатар қоғамның көзқарасын өзгерту – дейді шараны ұйымдастырушы Анна Качко. – Біздің мақсатымыз – түрлі мекемелер, қорлар мен қайырымдылық ұйымдарының назарын Қазақстанда осындай киноны дамытуға аудару, сонымен қатар кинематографистерді осы тақырыпта еңбек етуге ынталандыру.

Әлеуметтік маңызды киноға байланысты өзекті жағдайды, оны қаржыландыру жолдарын, оны Қазақстанда және шет елдерде көрсету, тарату мәселелерін талқылауға біз қоғамдық және саяси қайраткерлерді, қолдау қорларының басшыларын, кинотаратушыларды, режиссерларды, ең бастысы – фильм кейіпкерлерін шақырамыз.

Тақырыпты режиссер Азиз Заировтың Уильям Шекспирдің «Гамлет» пьесасының ізімен түсірген «Болу ия болмау» фильмі ашады. Бұған дейін Азиз кейін «Хабар» телеарнасы көрсету құқығын сатып алған «Қысқы көбелектер» атты әлеуметтік кино түсірген. Басты рольді ДЦП ауруымен ауыратын Тахир Омаров ойнаған.

Режиссер Жанна Балақаева деректі зерттеу жанрында жұмыс істейді және «Жетімі жоқ Қазақстан» және «Аутизмді жеңеміз» фильмдерінің авторы. Дөңгелек үстелде оның

аутизммен ауыратын балаларды емдейтін Қазақстандағы ерекше әдіс туралы «Ана донорлығы» атты жаңа фильмі көрсетіледі.

Ұйымдастырушылар бұл құбылысқа аудиторияның қызығушылығын арттыруды және әлемді жақсылыққа жетелейтін осындай киноны қоғамның түрлі саласы өкілдерінің қолдауын алуға үміттенеді.

Нақтырақ мына сайттан қарауға болады <http://eurasiaiff.com/>. Аккредитация бойынша «Еуразия» ХҚФ баспасөз бөліміне хабарласуға болады (Анна Шелепова), +7 (707) 237 2928. <https://www.facebook.com/anyashelepova>,

e-mail: [press@eurasiaiff.com](mailto:press@eurasiaiff.com).